

Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы білім бөлімі Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектеп жанындағы «Балбөбек» шағын-орталығы

2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарының талдауы

Қараөзек 2023-2024 ж

"Балбөбек" шағын орталығының 2023-2024 жылдарға арналған оқу-тәрбие жұмысын талдауы

«Балбөбек» шағын орталығы екі қабатты, мектептің оң жақ бөлігіне орналасқан. жылу жүйесімен қамтамасыз етілген. Асхана, кір жуатын орын бар. Балабақшада 2 топ жұмыс істейді, олар: «Күншуақ» «Балапан», барлығы 40 орынды, 40 бүлдіршін тәрбиеленуде. Барлық топтар жиһаздармен, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай көрнекі құралдармен жабдықталған. Оқу-тәрбие жұмысын 4 тәрбиеші, 1 әдіскер, 1 музыка жетекшісі, психолог, логопед атқарады. Олардың 4 арнаулы орта білімді, 4 жоғары білімді, педогог кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтынан курстан өтті.

Оқыту мен тәрбиелеу үрдісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың» негізгі ережелеріне сүйеніп жүргізіледі. Оқу жылының басында мақсат-міндеттер айқындалып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген оқу жоспарында білім саласының мазмұнын меңгеруге бөлінген ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жоспары базалық оқу жоспарында белгіленген ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінің санымен сәйкестендірілді.

Күнделікті ас мәзірі санитарлық нормаға сәйкес жасалып, оның дәлдігі тексеріліп, медбике қадағалап отырады.

Балабақшада алға қойған мақсат-міндеттерді орындау барысында жұмыстар атқарылды.

Әдістемелік тақырып: «Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балаларды тәрбиелеу».

Мақсаты:

- мектеп жасына дейінгі балаларды технологияларды қолдану арқылы жан-жақты дамыту;
- балалардың денсаулығын сақтау және нығайту;
- балалардың ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эстетикалық дамуы;
- ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Замануи технологиялар: _____


- **Асық терапиясы,**
- **Мнемокесте,**
- **В.Воскобович,**
- **Мөлдір Мольберт** бағдарламалары құрастырылып іске асыруға жоспарланды.




Бағдарлама «Асық терапиясы»




«Мнемотехника» әдісі



«В.Воскобович» технологиясы



«Мөлдір мольберт»



Мектепшілік педагогикалық кеңесте 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді, топтардың оқу жылына дайындығы сарапталды, әр топтың тақырыптық-перспективтік жоспарлары, оқу жұмыс жоспары, күн тәртібі, ата-аналармен жұмыс жоспары, сабақтастық, жоспары, үйірме жұмысының бағдарламалары бекітілді.

Әр айда күн тәртібіндегі бала өмірі іс-әрекеттің ұйымдастырылуын қадағалап, бақылау жүргізіліп отырады.

Балабақшадағы өзекті мәселе бойынша атқарылған жұмыстарға төмендегідей мақсат қойылды:

«Күншуақ» ересек тобының тәрбиешілері: М.Солтан, Н.Мағзум, бұл топқа 4 жастан бастап, ал «Балапан» кіші тобының тәрбиешілері: Шамер.Н Хумаш .А бұл топта 2 жастан бастап балалар жыл бойы қабылданып, оқу бағдарламасы бойынша жұмыс атқарды. Бағдарламаға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Қ.Р.М.Ж.М.Б.С. сәйкес бес білім саласы бойынша: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» енгізілді. Бұл топта күн тәртібі сақталып, күн тәртібінде шынықтыру шаралары ұйымдастырылып отырды.

Топтың тәрбиешілерінің алға қойған мақсаты: балаларды балабақшаға бейімдеу,

мәдени-гигиеналық дағдыларды меңгеру, қалыптастыру, ойын арқылы балалардың тілін шығару. Жыл бойында кезекті ойын- сауықтар өткізілді. Үстел үсті, қуыршақ театры, шағын сахналауды көрсету ұйымдастырылды. Жыл көлемінде мереке қарсаңында ойын-сауықтар ұйымдастырылып, халық ауыз әдебиеті мен көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру мақсатында қуыршақ театрын «Шалқан» ертегісін «Бауырсақ», «Үйшік» ертегілерін қазіргі заман талабына сай өткізді, балаларға жыл мезгілдерді ажырату , табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында «Күзгі орманға қонаққа бару», «математика»олимпиадасы секілді ашық байқаулар өткізді және мереке қарсаңында «Тәуелсіз біздің еліміз»,«Жаңа жыл кешінде», «Ана біздің гүліміз!» «Әз наурыз», «1Мамыр Бірлік күні» атты ойын- сауық өткізілді.Тәрбиешілер оқу іс-әрекетінде күнделіті сабақта математикалық сауаттылығын нығайту мақсатында **Воскобович** тақтайшасын қолданады, **мнемокесте әдісін сөйлеуді** дамыту сабағында сурет арқылы тақпақтарды жаттау,сұрақтарға толық жауап беру,есте сақтау қабілеттерін дамыту бойынша қолданады.**Асық терапиясын** қол моторикасын дамыту,ой өрісін нығайту,есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру арқылы қолданылады.**Мөлдір мольбертті** сурет сабағында балалар қызығушылықпен қатысады.Мөлдір мольбертті басқа да сабақтарда педагогтар қолданады.Шағын-орталықта «Зерек бала» математикалық олимпиада өтті,жеңімпаздар мараптталды,мәнерлеп оқу сайысы,сурет байқауы.Мамыр айында семинар ұйымдастырылды,ашық сабақтар,баяндама және әдістемелік көрменің презентациясы таныстырылды.

Тәрбиешілерге ұсыныс:

1. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балалардың қызығушылығын арттыру.
2. Ой-белсенділіктерін арттыру.
3. Рефлексиялық іс-әрекеттерін дамыту.
4. Сабақта тәртіп сақтау.


Сурет 1. Мөлдір мольберт.



Сурет 2. Воскобович тақтайшасы



Сурет 3. Мнемокесте технологиясы



Екі аяқпен жүремін
Екі көзбен көремін,
Екі қолым бар менің
Екі құлақты білемін. Осы кесте бойынша балалар тақпақ жаттайды.

4.Сурет Нерой жаттығу.ұсақ қол моторикасын ойлау қабілетін дамыту.



Сурет 5. Асық терапиясы.

Асықтарды түстеріне қарай тізбектеу, санмен теңестіру, түсін ажырату.



Сурет 6. Воскобович дамытушы ойындары



Сурет 7. «Зерек бала» математикалық олимпиада.



«Балбөбек» шағын-орталығында мектепішілік зерек бала олимпиада өтті. «Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың білімін жетілдіру» Әр түрлі ертеңгіліктер тәрбиешілер мен педагогтардың заманауи жұмысы мен білім алушы бүлдіршіндердің зеректігін зерделеген ашық сабақтардан тұрды. Топтық, жекелеген бағалаулар нәтижесінде оқу үлгерімі жақсы жеткіншектер жүлделі орындарға ие болды. Тәрбиеші Хумаш Амангүл дайындаған «Балапан» тобының балалары «Қошақан» әнімен шымылдығын түрді. Ән айтқан, сурет салған, есеп шығарған өнерлі де білімге құштар жас жүректер болашақтарынан үлкен үміт күттірді.

Мақсаты: Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, тұлғаны жан-жақты дамыту бойынша тиімді желі құру.

Міндеттері:

- тәрбиешілерді мектепке дейінгі жастағы балалардың инновациялық әдістерін тиімді қолдану;
- мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің бірінші сатысының сабақтастығын қамтамасыз ету;
- тәрбиешілердің педагогикалық кәсіби біліктілігін жетілдіру, үздіксіз білім алуға бағыттау.

Күтілетін нәтиже: Тәрбиешілер инновациялық технология ерекшеліктерін біледі және оны өз тәжірибелерінде тиімді қолдана алады

Балабақша тәрбиешілерінің әр түрлі тақырыптағы тыңғылықты баяндамалары бүгінгі қоғам тынысымен ұштасып, жас ұрпақтың бойына дарытуға тиісті бірегей құндылықтардың болмысын ашты, тыңдармандарға тағылымды ой сыйлады. Баяндамалардан өзге, әріптестеріміздің шеберлік сыныптары мен қызығушылығыңды оятатын тренингтері қатысушылардың ынты-жігерін тасыта түсті. «Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың тілін дамыту» атты пед кеңесте тәрбиешілер өз өзінің істәжиербесімен бөлісті. Меруерт Солтан, Нағай Шамер сынды тәрбиешілердің тағылымды тақырыптары өскелең ұрпақтың зияткерлік қабілеттерін оятып, қоршаған ортаға тез бейімделуіне жол ашуымен өзекті болды. Н.Мағзам, Жегитаева Гулия Бақытжановна, сияқты педагог тәрбиешілердің шеберлік сабақтары мен дидактикалық дәрістері осы мәнін тіптен тереңдете түсті. Сондай-ақ балабақша қабырғасында өткізілген

«Зерек бала» олимпиадасы аталмыш мен сән келтірді. Бүлдіршіндер арасындағы олимпиада нәтижесіне сәйкес

1-орынға Советхан Рауан Еркебұланұлы 2-орынға, Адиретхан Құралай Жәнібекқызы ие болса Жолжахыс Мұзаффар, 3-орынға Бауыржанқызы Кәусар «Көшбасшы», Жарасұлы Иманғали «Зерек бала», Еншибай Іңқар «Дарынды бала», Бердімұрат Фатима «Шығармашыл бала» аталымдарға лайықты деп табылды. Белсене қатысқан үшін Жүнисхан Ернар Өмирбекұлы да, марапатқа ие болды. Жоспарға сәйкес ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылды. Шағын-орталықта әр түрлі әдіс тәсіл, жаңа технологиялар арқылы баланың тілін және шығармашылық қиялын дамыту туралы ата-аналарға педагогтар түсінік берді. Шығармашылық, эвристикалық әңгімелер, қиындық туғызатын сұрақтардың шешімі мен құрылымын көздейді. Замануи технология түрлерімен таныстырылды. Тәй-тәй, Воскобович, Мнемотехника, Асық терапиясы және денсаулық сақтау технологиялары. Баланың тілін, ой өрісін, қол моторикасын, денсаулығын дамыту жолдарын ҚР мемлекеттік стандартта, типтік бағдарлама, вариативтік компоненттің әдістемелік ұсынымдарға сәйкес Әр түрлі ертеңгілік , ойын сауық жұмыстар атқарылады.

Сурет 8. Бірлік күні.



**Мектепшілік «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы»
атты мақал-мәтелдер сайысында**

Сурет .9



Аудандық сурет сайысы «Мен ғарышкер боламын»

Сурет.10



Тәрбиешілер мен бүлдіршіндердің жыл бойы байқауларға қатысып жүлделі орындарға **Адиретхан Құралай Жәнібекқызы, Бауыржанқызы Кәусар II** орындарға ие болды.


Сурет.11



Ата-аналарының қатысумен **«Шебер әке, өнерлі ана еңбекқор бала»** сайысында. **Асхар Алпамыс Сержанұлы II-орынға** ие болса **Бауыржан Кәусар** белсене қатысқан үшін марапатталды.

Сурет.12

Қазақстан Республикасының Оқу –ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сүйене отырып балалар арасында «Көркем сурет салу» байқауы



Сурет.13 Мектепшілік «Мен жас зерттеушімін» байқауында



Сурет 14. аудандық «Екі жұлдыз» байқауда Солтан М ,Лен Алтынша Халық сыйлығы аталымен марапатталды.



«Балапан» тобында 20 бала қабылданды. Балалардың жас ерекшеліктері 2-3 жас аралығы. Тәрбиешілері: Шамер Нағай., Хумаш Амангүл.

Мақсаттары: «мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруды дамыту, тілдерін жетілдіру, достыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу». Жоспарға сәйкес: «Білім күні», «Күз сыйы», Күннің шуағы жылы, ананың құшағы жылы», «Жасыл шырша жанында», «Наурыз жыл басы» мерекелік ертеңгіліктер өткізілді.

«Қатынас» саласы бойынша ертегілердің атауын, ондағы кейіпкерлердің қасиетін ажыратып, рөлдерге кіріп ойнай білді мысалы: «Бауырсақ» қуыршақ қойылымы қазіргі заман талабына сай өткізді. Осы топта өткізілген іс-шаралар арқылы балалар өлең-тақпақтарды тез жаттауға, жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды шешуге үйренді.

«Таным» білім беру саласы бойынша балалар негізгі түстерді, геометриялық пішіндерді ажыратып, салыстыра алады. 1-3-ке дейін санап және кері санауды игерді

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді Күнделікті күн тәртібі сақталды, күн тәртібінде шынықтыру шаралары үзбей ұйымдастырылып отырды.

«Шығармашылық» білім саласы бойынша түстерді ажыратып, кеңістікті бағдарлап, ермексазбен, боямақпен жұмыс жасай алды

Балаларға экологиялық тәрбие беру мақсатында балалар тірі табиғатпен танысып, жыл мезгілдерінің ерекшеліктері туралы білді. Балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттырып, мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту мақсатында желелі-рөлдік ойын «Шаштараз», «Өрт-тілсіз жау» өткізілді. Тәрбиешілері жыл көлемінде өткізген іс-шаралары, ашық байқаулары өте үлкен ізденіспен туындағаны байқалып тұр.

Тәрбиешілерге ұсыныс:

1.Тілдің дыбыстық мәдениетін жетілдіру.

2. Өз білімдерін жетілдіру.

Жоспарға сәйкес ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылып,

Жұмысты жоспарлау.

2023-2024 оқу жылы «Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың білімін жетілдіру» тақырыпты жалғастыра отырып, келесі міндеттер қойылды:

Мақсаты:

- Баланың денсаулығы мен өмірін қорғау жағдайын құру;
- мектеп жасына дейінгі балаларды технологияларды қолдану арқылы жан-жақты дамыту;
 - топта заттық-кеңістік және даму ортасын құрудағы педагогикалық ұжымның қолайлы жағдай жасау;
- мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін ойын арқылы дамыту;
- балалардың ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эстетикалық дамуы;
- ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру.

Тәрбиеленушілердің жетістіктері (мектепшілік, аудандық, республикалық).

Сурет.15



